

## «Үздік тәрбие жұмысы» байқауын өткізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Білім беру ұйымдарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған «Үздік тәрбие жұмысы» байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, өткізу форматы мен тәртібін айқындаиды.

1.2. **Байқаудың мақсаты:** мектептердегі тәрбие жұмысының сапасын арттыру, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының кәсіби, шығармашылық деңгейін көтеру.

#### 1.3. Байқаудың міндеттері:

- «Бітұтас тәрбие» бағдарламасын орындау мақсатында жобаларды іске асыру алгоритмдері мен концепцияларын айқындау;
- жаңа инновациялық технологиялар мен әдістемелерді қолдануды дамыту;
- үздік тәжірибелерді тарату және насиҳаттау.

1.4. Байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚҚҚ өткізеді.

1.5. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын Байқауды ұйымдастырушылар жасақтайды.

### 2. Байқауды өткізу шарттары мен мерзімі


2.1. Байқау 2024 жылғы 18 қазан - 22 қараша аралығында **екі кезеңде** өткізіледі.

2.2. **Бірінші кезең** – қатысушы үміткерлердің жіберілген құжаттары мен материалдарын сараптау. Екінші кезеңге жолдама беру.

#### 2.2. Бірінші кезеңге қатысу үшін қажетті құжаттар:

- Білім беру ұйымы басшысының қолы қойылған қатысу туралы өтінім (№1-қосымшага сәйкес);
  - қатысушының жұмыс тәжірибесі туралы портфолиосы (1. үміткердің кәсіби өсүі туралы ақпарат (педагогикалық өтілі, курстар, марарапаттар және т.б.), 2. тәрбие жұмыстары бойынша тәжірибесі);
    - [www.youtube.com](http://www.youtube.com) арнасында орналастырылған үздік тәрбие іс-шарасына сілтеме.

2.3. Байқауға қатысу туралы өтінім, қатысушылар өздерінің жұмыс тәжірибесі туралы портфолио [eibrayeva@mail.ru](mailto:eibrayeva@mail.ru) электронды поштасына 2024 жылғы 28 қазан сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Құжаттарды жинақтап 1 папкаға қатысушының аты-жөнін және мектебін көрсетіп жүктеу керек (мысалы, Ибраева Э., №5 мектеп).



**2.4. Бірінші кезеңнің жұмыстарын бағалау өлшемшарттары:**

- Кәсіби біліктілік және тәжірибе;
- Тәрбие жұмысындағы инновациялар;
- Окушылармен және ата-аналармен жұмыс;
- Құндылықтар мен патриоттық тәрбие беру;
- Жұмыс нәтижелері мен жетістіктері;
- Әлеуметтік серіктестік және қауымдастықпен жұмыс.

**2.4. Екінші кезең** – бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша екінші кезеңге өткен үміткерлер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы жобаларға негізделген әлеуметтік немесе инновациялық жобаны З-қосымшадағы критерийлерге сүйене отырып концепциясын әзірлеуі қажет.

**2.5. Жобаны қорғау:** оффлайн форматта ұымдастыруши тараптың әзірлеген кестесінде белгіленген білім беру үйімінде және көрсетілген уақытта, әр мектептің үміткері командамен немесе жеке қорғауы қажет.

### **3. Байқау қатысуышылары**

**3.1. Байқауға Астана қаласының орта білім беру үйімдарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатыса алады.** Әр білім беру үйімі бір ғана үміткерді ұсынады.

### **4. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

**4.1. Байқау жұмыстарын** кәсіби қазылар алқасы баллдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және хаттамамен рәсімделеді.

**4.2. Байқау қорытындысы** бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен, сондай-ақ арнайы номинациялармен марапатталады. Орын алмаған қатысуышыларға сертификаттар тағайындалады.

**2.5. Байқау нәтижесі 2024 жылғы қараша айында** <https://astana-modern.edu.kz/> сайтында жарияланады.

1-қосымша

**«Үздік тәрбие орынбасары» байқауына қатысуга  
отішім формасы**

Т.А.Ә. толығымен	
Тұылған күні, жылы	
Еңбек өтілі	
Қызметі, лауазымы	
Санаты	
Білім беру ұйымының толық атауы	
Байланыс тел. нөмірі (WhatsApp)	
Электронды поштасы	
www.youtube.com желісіне жүктелген жұмыстың сілтемесі	

2-қосымша

**«Үздік тәрбие орынбасары» байқауына қатысушыларды бағалау өлшемшарттары**

№	Бағалау өлшемшарттары	Балл
1	Кәсіби біліктілік және тәжірибе	10
2	Тәрбие жұмысындағы инновациялар	10
3	Оқушылармен және ата-аналармен жұмыс	10
4	Құндылықтар мен патриоттық тәрбие беру	10
5	Жұмыс нәтижелері мен жетістіктері	10
6	Әлеуметтік серіктестік және қауымдастықпен жұмыс	10
<b>ЖИЫНТЫҚ БАЛЛ</b>		<b>60</b>

## Жоба әзірлеуге қойылатын талаптар

### Әлеуметтік жоба:

№	Критерийлер	Критерийлер сипаттамасы	Бағалау баллдары
1.	Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңызы	Жоба қоғамның қажеттіліктеріне қаншалықты жауап береді немесе әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған. Жоба қоғам өмірін жақсартуға, белгілі бір топтың құқықтарын қорғауға немесе оларға көмек көрсетуге бағытталуы тиіс.	10
2.	Мақсаттар мен міндеттердің нақтылығы	Жобаның мақсаттары мен міндеттері нақты, түсінікті және қол жеткізуге болатын болуы керек. Жобаның мақсаттары оның негізгі нәтижелерін анық көрсетіп, нақты болуы қажет	10
3.	Иновациялық және бірегейлік	Жоба әлеуметтік проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін немесе идеяларын ұсынуы керек. Қолданыстағы әдістерді тиімді және креативті түрде қолдануы да маңызды.	10
4.	Жүзеге асыру мүмкіндігі	Жобаның шынайы өмірде жүзеге асу мүмкіндігі, қолжетімді ресурстарды, уақыт пен мүмкіндіктерді ескере отырып, қаншалықты орындалатыны бағаланады.	10
5.	Әлеуметтік әсері мен масштабталуы	Жобаның мақсатты аудиторияға тигізетін он әсері және болашақта басқа аймақтарға немесе топтарға таралу мүмкіндігі ескеріледі.	10
6.	Тұрақтылық және ұзақ мерзімділік	Жобаның ұзақ мерзімді кезеңде де жұмыс істей алу қабілеті. Жоба аяқталғаннан кейін де оның әлеуметтік әсері мен қызметі жалғасуы тиіс.	10
7.	Серіктестік пен ынтымақтастық	Жобаның іске асырылу барысында басқа ұйымдармен, қоғамдастықтармен немесе мемлекеттік құрылымдармен 10 серіктестік пен ынтымақтастық деңгейі бағаланады.	10
8.	Жүзеге асыру жоспарының сапасы	Жобаның іске асыру құрылымы, кезеңдері, бюджеті, уақыт кестесі және	10

		қажетті ресурстардың нақтылығы мен дәлдігі бағаланады.	
9.	<b>Нәтижелерді бағалау механизмі</b>	Жоба барысында қол жеткізілетін нәтижелерді бақылау және бағалау жүйесі қарастырылған ба, сол маңызды.	10
10.	<b>Қоғамды тарту деңгейі</b>	Жобада қоғамдық ұйымдардың, еріктілердің немесе мақсатты топтардың қаншалықты деңгейде қатыстырылғаны ескеріледі	10
<b>ЖИЫНТЫҚ БАЛЛ:</b>			<b>100</b>

### Инновациялық жоба:

№	Критерийлер	Критерийлер сипаттамасы	Бағалау баллдары
1.	<b>Жобаның жаңашылдығы мен бірегейлігі</b>	Жоба қолданыстағы шешімдерден ерекшеленетін жаңа идеяларды немесе әдістерді ұсынуы керек. Жаңа технологиялар, әдістер немесе тәсілдер енгізілуі тиіс.	10
2.	<b>Мәселенің өзектілігі мен қажеттілігін негіздеу</b>	Жобаның шешетін мәселесі қоғам, сала немесе мақсатты аудитория үшін өзекті және маңызды болуы керек. Мәселені нақты түсініп, оны шешудің қажеттілігін көрсету қажет.	10
3.	<b>Мақсаттардың нақтылығы және қол жеткізу мүмкіндігі</b>	Жоба мақсаттары нақты, өлшенетін, қол жетімді, шынайы және белгілі уақыт аралығында орындалатындау (SMART қағидасы) болуы қажет.	10
4.	<b>Тәуекелдерді басқару</b>	Жобаның орындалуы барысында кездесуі мүмкін тәуекелдерді алдын ала бағалап, оларды басқару стратегиясын әзірлеу қажет.	10
5.	<b>Тиімділікті және нәтижелілікті бағалау</b>	Жоба қаншалықты тиімді және нәтижелі болатыны, шығындар мен пайда арақатынасы есепке алынып, ықтимал нәтижелердің өлшенуі қажет. Жобаның әсерін және оның қаншалықты табысты болатынын бағалау механизмі қарастырылуы керек.	10
6.	<b>Тұрақтылық және ұзақ мерзімділік</b>	Жобаның ұзақ мерзімді перспективада өз тиімділігін сақтап қалу мүмкіндігі болуы тиіс. Жобаның аяқталғаннан кейін де өзектілігі сақталып, жалғасатын даму жоспары болуы қажет.	10
7.	<b>Технологиялық және ғылыми негіздеу</b>	Жоба ғылымға немесе жаңа технологияларға негізделуі керек.	10

		Жобаға қатысты техникалық шешімдер, күралдар немесе әдістердің негіздемесі, дәлелденген болуы маңызды.	
8.	Қаржыландыру және ресурстарды қолдану	Жобаға қажетті қаржылық, материалдық және адами ресурстар анықталып, оларды тиімді қолдану жоспары болуы қажет.	10
9.	Пайдаланушылардың қажеттіліктеріне бағытталу	Жоба мақсаты – мақсатты аудиторияның немесе тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру. Сондыктan оларды қанағаттандыратын шешімдерді ұсыну керек.	10
10.	Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік	Жобаның қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін әсері есептеліп, оның экологиялық таза және әлеуметтік жауапты болуы қарастырылуы тиіс.	10
<b>ЖИЫНТЫҚ БАЛЛ:</b>			<b>100</b>